

Ж.У. Оразова¹ , А.Т. Рыстыгулова¹ *, Б.И. Амантаева¹ , Ж.М. Ергарина¹ ¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: arystygulova@zhubanov.edu.kz**Болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлауда эмпатияны қалыптастырудың негіздері***Аңдатпа*

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті және арнайы білім берудің қарқынды дамуы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен кәсіби тұрғыда тиімді өзара әрекеттесе алатын, жоғары кәсіби құзыреттілікпен қатар дамыған тұлғалық және эмоционалдық қасиеттерге ие арнайы педагогтарды даярлау қажеттілігін арттырып отыр. Осы тұрғыдан алғанда эмпатия болашақ арнайы педагогтың кәсіби даярлығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Эмпатиялық қабілет білім алушының эмоционалдық жағдайын түсінуге, оның жеке қажеттіліктері мен психологиялық ерекшеліктерін қабылдауға, сенімді педагогикалық қарым-қатынас орнатуға және қолайлы түзете-дамыту ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты – болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлығындағы эмпатияның маңызын теориялық тұрғыдан негіздеу және олардың эмоционалдық жауап беру ерекшеліктерін эмпирикалық анықтау. Зерттеуде ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, салыстыру, жүйелеу, жалпылау және диагностикалық әдістер қолданылды. Эмпирикалық зерттеуге Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 6В01902 – «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасының 4-курсындағы 44 студент қатысты. Эмоционалдық эмпатия деңгейін анықтау үшін А. Меграбян мен Н. Эпштейннің «Эмоционалдық жауап шкаласы» қолданылды. Нәтижелер студенттердің елеулі бөлігінде эмпатиялық қабілеттерді мақсатты түрде дамыту қажеттілігін көрсетті. Теориялық талдау негізінде кәсіби эмпатия когнитивтік, эмоционалдық, мінез-құлықтық-коммуникативтік және рефлексиялық-реттеушілік компоненттердің бірлігі ретінде қарастырылды. Зерттеу нәтижелері болашақ арнайы педагогтардың эмпатиясын кәсіби даярлық мазмұнына жүйелі кіріктірудің қажеттілігін негіздейді және арнайы ұйымдастырылған тренингтерді, кәсіби жағдаяттарды талдауды, рефлексиялық тапсырмалар мен педагогикалық практиканы пайдаланудың маңыздылығын айқындайды.

Түйін сөздер: эмпатия, болашақ арнайы педагог, кәсіби даярлау, ерекше білім беру қажеттіліктері, эмпатиялық қабілет, инклюзивті білім беру.

Ж.У. Оразова¹, А.Т. Рыстыгулова^{1*}, Б.И. Амантаева¹, Ж.М. Ергарина¹¹Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова

Ақтөбе, Казахстан

E-mail: arystygulova@zhubanov.edu.kz**Основы формирования эмпатии в профессиональной подготовке будущих специальных педагогов***Аннотация*

Стремительное развитие инклюзивного и специального образования в современной системе образования обуславливает возрастающую потребность в подготовке специальных педагогов, обладающих не только высоким уровнем профессиональной компетентности, но и развитыми личностными и эмоциональными качествами, позволяющими эффективно осуществлять

профессиональное взаимодействие с детьми с особыми образовательными потребностями. В данном контексте эмпатия рассматривается как важный компонент профессиональной подготовки будущего специального педагога. Эмпатические способности позволяют понимать эмоциональное состояние обучающегося, учитывать его индивидуальные потребности и психологические особенности, устанавливать доверительные педагогические отношения и создавать благоприятную коррекционно-развивающую среду. Цель исследования – теоретически обосновать значение эмпатии в профессиональной подготовке будущих специальных педагогов и эмпирически выявить особенности их эмоциональной отзывчивости. В исследовании использовались методы теоретического анализа научной литературы, сравнения, систематизации, обобщения и психодиагностики. В эмпирическом исследовании приняли участие 44 студента 4-го курса образовательной программы 6B01902 – «Специальная педагогика» Актобинского регионального университета имени К. Жубанова. Для определения уровня эмоциональной эмпатии использовалась «Шкала эмоционального отклика» А.Меграбяна и Н. Эпштейна. Полученные результаты свидетельствуют о необходимости целенаправленного развития эмпатических способностей у значительной части студентов. На основе теоретического анализа профессиональная эмпатия рассматривается как единство когнитивного, эмоционального, поведенческо-коммуникативного и рефлексивно-регулятивного компонентов. Результаты исследования обосновывают необходимость системной интеграции развития эмпатии будущих специальных педагогов в содержание профессиональной подготовки и определяют значимость использования специально организованных тренингов, анализа профессиональных ситуаций, рефлексивных заданий и педагогической практики.

Ключевые слова: эмпатия, будущий специальный педагог, профессиональная подготовка, особые образовательные потребности, эмпатические способности, инклюзивное образование.

Zh.Orazova¹, A. Rystygulova^{1}, B. Amantayeva¹, Zh.Yergarina¹*

¹*Aktobe Regional University named after K. Zhubanov*

E-mail: arystygulova@zhubanov.edu.kz

Fundamentals of the formation of empathy in the professional training of future special education teachers

Abstract

The rapid development of inclusive and special education within the contemporary education system has increased the need to prepare special education teachers who possess not only a high level of professional competence but also well-developed personal and emotional qualities that enable them to interact effectively with children with special educational needs. In this context, empathy is considered an important component of the professional preparation of future special education teachers. Empathic abilities enable teachers to understand learners' emotional states, recognize their individual needs and psychological characteristics, establish trusting pedagogical relationships, and create a supportive corrective and developmental environment. The aim of the study is to theoretically substantiate the importance of empathy in the professional preparation of future special education teachers and to empirically identify the characteristics of their emotional responsiveness. The study employed theoretical analysis of scientific literature, comparison, systematization, generalization, and psychodiagnostic methods. The empirical study involved 44 fourth-year students enrolled in the 6B01902 Special Education program at K. Zhubanov Aktobe Regional University. The Emotional Empathic Tendency Scale developed by A. Mehrabian and N. Epstein was used to assess the level of emotional empathy. The findings indicate the need for the purposeful development of empathic abilities among a considerable proportion of the students. Based on the theoretical analysis, professional empathy is conceptualized as an integration of cognitive, emotional, behavioral-communicative, and

reflective-regulatory components. The findings substantiate the need to systematically integrate the development of empathy into the professional preparation of future special education teachers and highlight the importance of specially designed training sessions, analysis of professional situations, reflective tasks, and teaching practice.

Keywords: empathy, future special education teacher, professional preparation, special educational needs, empathic abilities, inclusive education.

Қысқашы. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің гуманистік бағытта дамуы, инклюзивті білім беру қағидаттарының орнығуы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мәселесінің өзектенуі арнайы педагогтарды кәсіби даярлауға қойылатын талаптарды жаңа деңгейге көтеріп отыр. Арнайы педагогтың кәсіби қызметі білім алушының дамуындағы ерекшеліктерді анықтау, түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру және білім беру үдерісіне бейімдеу міндеттерімен ғана шектелмейді. Бұл қызмет баланың жеке тұлғасын, эмоционалдық жағдайын, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін терең түсінуді, онымен сенімге негізделген өзара әрекет орнатуды және әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетуді талап етеді. Сондықтан болашақ арнайы педагогтарды даярлау барысында кәсіби білім мен практикалық дағдыларды қалыптастырумен қатар олардың кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін дамыту мәселесі ерекше мәнге ие.

Арнайы педагогтың кәсіби қызметінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – әртүрлі даму және білім алу қажеттіліктері бар балалармен тұрақты тұлғааралық қарым-қатынас жасау. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың психологиялық жай-күйі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы, өзіне және өзінің мүмкіндіктеріне деген көзқарасы педагогпен қалыптасатын өзара әрекет сипатына едәуір дәрежеде байланысты. Мұндай жағдайда педагогтың баланың эмоционалдық күйін байқай білуі, оның мінез-құлқының астарындағы қажеттіліктерді түсінуді, сезімдері мен тәжірибесіне құрметпен қарауы кәсіби әрекеттің нәтижелілігін қамтамасыз ететін маңызды алғышарттардың біріне айналады. Осы тұрғыдан эмпатия арнайы педагогтың кәсіби-тұлғалық даярлығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда эмпатия басқа адамның эмоционалдық жағдайын түсіну, оның сезімдері мен ішкі тәжірибесін қабылдау және оған эмоционалдық тұрғыдан сәйкес жауап бере алу қабілетімен байланысты күрделі психологиялық феномен ретінде сипатталады. Эмпатия адамның өзгенің позициясын түсінуіне ғана емес, тұлғааралық өзара әрекеттің сипатын соған сәйкес реттеуіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты оның құрылымында когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық компоненттердің бірлігі байқалады. Когнитивтік компонент басқа адамның жағдайын, көзқарасы мен қажеттіліктерін түсінумен байланысты болса, эмоционалдық компонент оның сезімдеріне эмоционалдық үн қатуды білдіреді. Ал мінез-құлықтық компонент түсіну мен эмоционалдық жауаптың нақты қолдау көрсетуге, қарым-қатынастың адекватты тәсілін таңдауға және конструктивті әрекетке ұласуынан көрінеді.

Педагогикалық қызмет контекстінде эмпатия кәсіби қарым-қатынастың гуманистік сипатын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық механизмдердің бірі болып табылады. Эмпатиялық тұрғыдан дамыған педагог білім алушының сыртқы мінез-құлқын бағалаумен шектелмей, оның психологиялық себептерін түсінуге, қиындықтарына сезімталдықпен қарауға және педагогикалық ықпал ету тәсілдерін жеке ерекшеліктеріне сәйкес таңдауға ұмтылады. Бұл қасиеттің маңызы арнайы педагогика саласында одан әрі арта түседі. Себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бір бөлігінде өз сезімдерін білдіру, әлеуметтік сигналдарды қабылдау, коммуникация орнату немесе эмоционалдық қажеттіліктерін вербалды түрде жеткізу қиындықтары кездесуі мүмкін. Осындай жағдайда арнайы педагогтен баланың эмоционалдық реакцияларын дұрыс түсіну, оның психологиялық шекараларын сақтау және қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру қабілеті талап етіледі.

Сонымен қатар эмпатияны тек педагогтың эмоционалдық сезімталдығы немесе балаға жанашырлық танытуы ретінде түсіндіру жеткіліксіз. Кәсіби эмпатия педагогтың өз эмоция-

ларын реттей алуымен, кәсіби шекараны сақтай білуімен, рефлексиясымен және әрбір білім алушының даралығын қабылдауымен өзара байланысты. Шамадан тыс эмоционалдық сәйкестену педагогтың эмоционалдық ресурстарының әлсіреуіне әкелуі мүмкін болса, эмпатиялық қашықтықтың жоғары болуы педагогикалық қарым-қатынастың формалдануына ықпал етуі ықтимал. Сондықтан болашақ арнайы педагогтарды даярлау үдерісінде эмоциялық үн қату мен кәсіби рефлексияның, тұлғалық қатысу мен кәсіби шекараны сақтаудың үйлесімді арақатынасын қалыптастыру маңызды.

Болашақ арнайы педагогтың эмпатиялық қабілеттерінің қалыптасуы өздігінен жүзеге асатын үдеріс емес. Оның дамуы студенттің кәсіби білім алу мазмұнымен, педагогикалық тәжірибесімен, рефлексиялық белсенділігімен, тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесімен және арнайы ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық жағдайлармен байланысты. Жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық кезеңі студенттің болашақ мамандығына қатысты құндылықтық бағдарлары, кәсіби позициясы және білім алушымен өзара әрекет жасау стилі қалыптасатын маңызды кезең болғандықтан, дәл осы уақытта эмпатиялық қабілеттерді мақсатты түрде дамытуға ерекше назар аудару қажет.

Болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлауда эмпатияны қалыптастыру мәселесі құзыреттілік тұғыр тұрғысынан да маңызды. Қазіргі маман тек теориялық білімді меңгерген орындаушы емес, кәсіби жағдаяттарды түсініп, әртүрлі қажеттіліктері бар білім алушылармен тиімді коммуникация орната алатын, өз әрекетіне рефлексия жасайтын және өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын субъект болуы қажет. Осы тұрғыда эмпатия коммуникативтік, әлеуметтік-перцептивтік, рефлексиялық және эмоционалдық құзыреттермен өзара байланысып, арнайы педагогтың тұтас кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Мәселенің өзектілігі инклюзивті білім беру жағдайында арнайы педагогтың тек баламен ғана емес, оның ата-аналарымен, педагогтермен, психологтермен және басқа да мамандармен пәнаралық өзара әрекетке түсу қажеттілігімен де анықталады. Командалық жұмыс барысында өзге адамның ұстанымын түсіну, пікірлердің айырмашылығын қабылдау, эмоционалдық шиеленісті конструктивті реттеу және қолдаушы коммуникация құру қабілеттері кәсіби ынтымақтас-тықтың маңызды шарты болып табылады. Демек, эмпатия арнайы педагогтың «педагог – бала» жүйесіндегі қарым-қатынасымен шектелмей, оның кәсіби ортаның барлық субъектілерімен нәтижелі өзара әрекет жасауына ықпал ететін әмбебап кәсіби ресурс ретінде көрінеді.

Соған қарамастан, жоғары білім беру тәжірибесінде болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлығы көбіне пәндік-теориялық білім мен арнайы әдістемелік дағдыларды меңгеруге бағытталып, олардың эмоционалдық-коммуникативтік және эмпатиялық әлеуетін мақсатты түрде дамыту мәселесі әрдайым жеткілікті деңгейде жүйелене бермейді. Осыдан қоғам мен білім беру жүйесінің эмпатиялық тұрғыдан құзыретті арнайы педагогке деген қажеттілігі мен жоғары оқу орнында бұл сапаны мақсатты қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздерінің жеткілікті дәрежеде айқындалмауы арасындағы қайшылық туындайды. Аталған қайшылық болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау үдерісінде эмпатияны қалыптастырудың мазмұны, құрылымы және педагогикалық мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан қарастыру қажеттілігін негіздейді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау үдерісінде эмпатияны қалыптастырудың теориялық және психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау, оның кәсіби қызмет құрылымындағы орнын ашу және жоғары білім беру жағдайында эмпатиялық қабілеттерді дамытудың негізгі бағыттарын негіздеу. Зерттеу аясында эмпатия феноменінің ғылыми-психологиялық мазмұнын талдау, оның болашақ арнайы педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерімен байланысын анықтау және кәсіби даярлық барысында эмпатияны қалыптастыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды жүйелеу көзделеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің мақсаты болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау үдерісінде эмпатияны қалыптастырудың теориялық және психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау, оның маманның кәсіби-тұлғалық құрылымындағы орнын

анықтау және жоғары білім беру жағдайында эмпатиялық қабілеттерді дамытудың негізгі бағыттарын жүйелеу болып табылады. Зерттеу нысаны ретінде болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау үдерісі, ал зерттеу пәні ретінде осы даярлық аясында студенттердің эмпатиясын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік және құзыреттілік тұғырлар құрайды. Тұлғалық-бағдарлы тұғыр болашақ арнайы педагогтың кәсіби қалыптасуын оның тұлғалық ерекшеліктерімен, құндылықтық бағдарларымен, эмоционалдық сезімталдығымен және басқа адамның даралығын қабылдау қабілетімен бірлікте қарастыруға мүмкіндік береді. Іс-әрекеттік тұғыр эмпатияның кәсіби әрекет барысында көріну және даму ерекшеліктерін түсіндіруге негіз болады. Ал құзыреттілік тұғыр эмпатияны болашақ маманның кәсіби міндеттерді нәтижелі орындауын қамтамасыз ететін коммуникативтік, эмоционалдық және әлеуметтік-перцептивтік құзыреттерімен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу теориялық-аналитикалық сипатта жүргізілді. Ғылыми дереккөздерді іріктеу барысында эмпатия психологиясы, педагогикалық эмпатия, мұғалім-білім алушы қарым-қатынасы, арнайы және инклюзивті білім беру, педагогтердің әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілігі және болашақ педагогтарды кәсіби даярлау мәселелерін қамтитын еңбектерге басымдық берілді. Классикалық теориялық тұжырымдармен қатар эмпатияның қазіргі психологиялық модельдері мен білім беру контексіндегі зерттеулер қарастырылды.

Негізгі зерттеу әдістері ретінде ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, салыстырмалы талдау, жүйелеу, жіктеу, жалпылау және ғылыми тұжырымдарды интерпретациялау қолданылды. Теориялық талдау эмпатия феноменінің психологиялық мазмұнын және оның кәсіби педагогикалық қызметтегі функцияларын анықтауға бағытталды. Салыстырмалы талдау әртүрлі ғылыми бағыттардағы эмпатия түсініктерінің ортақ және ерекшеленетін тұстарын айқындауға мүмкіндік берді. Жүйелеу және жалпылау әдістері арқылы эмпатияның негізгі компоненттері, оның арнайы педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерімен байланысы және жоғары оқу орнында қалыптастыру мүмкіндіктері тұжырымдалды.

Зерттеу логикасы бірнеше өзара байланысты бағытты қамтыды: біріншіден, психологиялық ғылымдағы эмпатия феноменінің теориялық түсіндірмелері талданды; екіншіден, эмпатияның педагогикалық қарым-қатынастағы қызметі қарастырылды; үшіншіден, арнайы педагог қызметінің ерекшеліктеріне байланысты эмпатиялық қабілеттерге қойылатын кәсіби талаптар айқындалды; төртіншіден, болашақ арнайы педагогтарды даярлау барысында эмпатияны қалыптастырудың ықтимал психологиялық-педагогикалық жағдайлары жүйеленді. Мұндай зерттеу стратегиясы эмпатияны жеке тұлғалық қасиет ретінде ғана емес, арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігінің көпкомпонентті құрылымдық элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу және теориялық негіздер. Эмпатия мәселесі психологияда тұлғааралық қарым-қатынасты, әлеуметтік танымды және адамның эмоционалдық мінез-құлқын түсіндіретін маңызды ғылыми категориялардың бірі болып саналады. Ғылыми әдебиеттерде эмпатияның мазмұны бір ғана анықтамамен шектелмейді. Ол басқа адамның эмоционалдық күйін түсіну, оның субъективті тәжірибесін қабылдау, өзгенің позициясын ескеру және оның сезімдеріне сәйкес эмоционалдық жауап беру қабілеттерін біріктіретін күрделі көпқырлы феномен ретінде қарастырылады.

Эмпатияны тұлғааралық қатынастың маңызды шарты ретінде қарастырған ғалымдардың бірі – К. Роджерс. Оның тұлғаға бағытталған теориясында эмпатиялық түсіну тиімді тұлғааралық қарым-қатынастың негізгі шарттарының қатарына енгізіледі. Роджерс эмпатияны басқа адамның ішкі референттік жүйесін, оның сезімдері мен мағыналарын мүмкіндігінше дәл қабылдау қабілетімен байланыстырады. Бұл ретте маман өзгенің субъективті әлеміне енгенімен, өзінің жеке «Менін» жоғалтпайды (Rogers, 1957). Осы қағида педагогикалық қызмет үшін де маңызды, өйткені білім алушыны түсіну педагогтің оның эмоцияларымен толық сәйкестенуін емес, баланың тәжірибесін кәсіби тұрғыдан қабылдап, соған сәйкес педагогикалық әрекет құруын білдіреді.

Эмпатияны ғылыми тұрғыдан түсіндірудегі маңызды бағыттардың бірі оның көпөлшемді құрылымын негіздеумен байланысты. М. Дэвис эмпатияны когнитивтік және эмоционалдық компоненттерді біріктіретін көпөлшемді феномен ретінде қарастырды. Ол ұсынған тұлғааралық реактивтілік моделінде перспективаны қабылдау, эмпатиялық қамқорлық, қиял және жеке дистресс сияқты өзара байланысты, бірақ мазмұны жағынан ерекшеленетін компоненттер ажыратылады (Davis, 1983). Бұл модель эмпатияны басқа адамның эмоциясына қарапайым эмоционалдық жауап ретінде түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Эмпатиялық әрекет өзгенің позициясын түсіну, оның жағдайына эмоционалдық жауап беру және өзінің эмоционалдық реакцияларын реттеу үдерістерінің өзара байланысын қамтиды.

Қазіргі психологиялық зерттеулер де эмпатияның когнитивтік және аффективтік компоненттерін ажыратудың маңыздылығын көрсетеді. Деси мен Джексон эмпатияның негізгі құрамдас-тары ретінде басқа адамның эмоционалдық жағдайын бөлісе алу, оның күйінің себептерін түсіну және «Мен» мен «өзгенің» арасындағы айырмашылықты сақтау қабілеттерін атап көрсетеді (Decety & Jackson, 2004). Мұндай көзқарас әсіресе «адам–адам» типіндегі мамандықтар үшін маңызды. Себебі кәсіби қызмет барысында өзгенің эмоционалдық тәжірибесіне сезімталдық танытумен қатар маманның эмоционалдық өзін-өзі реттеуі мен кәсіби шекараны сақтауы қажет.

Осы теориялық ұстанымдарға сүйене отырып, болашақ арнайы педагогтың эмпатиясын өзара байланысты үш негізгі компоненттің бірлігі ретінде қарастыруға болады: когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық. Когнитивтік компонент баланың жағдайын, қажеттіліктерін, мінез-құлқының ықтимал себептерін және оның көзқарасын түсіне білуді қамтиды. Эмоционалдық компонент баланың эмоционалдық күйіне сезімталдық таныту, оның сезімдеріне эмоционалдық үн қату және қабылдауды білдіреді. Мінез-құлықтық компонент алынған эмоционалдық және когнитивтік ақпаратты педагогикалық қолдау әрекетіне айналдырудан, қарым-қатынастың адекватты тәсілін таңдаудан және білім алушыға қауіпсіз психологиялық орта қалыптастырудан көрінеді.

Педагогикалық қызмет өзінің табиғаты бойынша тұлғааралық өзара әрекетке негізделеді. Сондықтан педагогтің кәсіби нәтижелілігі пәндік және әдістемелік білім деңгейімен ғана емес, білім алушының тұлғалық ерекшеліктерін түсіну, оның эмоционалдық жағдайына сәйкес әрекет ету және қолдаушы қарым-қатынас орнату қабілетімен де анықталады. Осы тұрғыда эмпатия педагогикалық қарым-қатынастың гуманистік сипатын қамтамасыз ететін маңызды кәсіби-тұлғалық ресурс болып табылады.

Педагогтің әлеуметтік және эмоционалдық құзыреттіліктерін зерттеген Дженнингс пен Гринберг (Jennings & Greenberg, 2009) мұғалімнің әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілігі қолдаушы сынып ортасын қалыптастырумен, педагог–оқушы қарым-қатынасының сапасымен және білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуына қолайлы жағдай жасаумен байланысты екенін көрсетеді. Бұл тұрғыдан эмпатия педагогтің оқушының қажеттіліктерін дұрыс түсінуіне, мінез-құлқына тек сыртқы бағалау тұрғысынан емес, оның психологиялық себептерін ескере отырып қарауына мүмкіндік береді.

Педагогикалық эмпатияның маңызды қызметтерінің бірі – педагог пен білім алушы арасында сенімге негізделген қарым-қатынас қалыптастыру. Білім алушы өзін түсінетінін, қабылдайтынын және оның пікірінің маңызды екенін сезінген жағдайда оқу әрекетіне эмоционалдық қатысуы мен педагогпен ынтымақтастығының нығаюына қолайлы жағдай жасалады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың сапасына арналған мета-аналитикалық зерттеулер позитивті педагог–оқушы қатынастарының білім алушылардың мектепке қатысуымен және академиялық нәтижелерімен байланысты екенін көрсетеді (Roorda et al., 2011). Осы тұрғыдан эмпатияны мұндай позитивті қатынастардың қалыптасуына ықпал ететін психологиялық алғышарттардың бірі ретінде қарастыруға болады.

Сонымен қатар педагогикалық эмпатия оқушының эмоцияларын механикалық түрде қайталау немесе оның кез келген мінез-құлқын сөзсіз қабылдау дегенді білдірмейді. Кәсіби эмпатия педагогтен эмоциялық сезімталдықпен қатар рефлексияны, эмоционалдық өзін-өзі

реттеуді және кәсіби шекараларды сақтауды талап етеді. Сондықтан педагогтің эмпатиялық құзыреттілігі басқа адамның сезімдерін түсіну мен өзінің кәсіби позициясын сақтау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуі тиіс.

Арнайы педагог қызметінде эмпатияның маңызы педагогикалық қарым-қатынастың ерекше сипатымен анықталады. Арнайы педагог әртүрлі сенсорлық, сөйлеу, интеллектуалдық, эмоционалдық-мінез-құлықтық немесе басқа да білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істей алады. Мұндай балалардың өз сезімдерін білдіру, қажеттіліктерін вербалды түрде жеткізу немесе әлеуметтік-коммуникативтік сигналдарды түсіну мүмкіндіктері әртүрлі болуы ықтимал. Сондықтан педагогке баланың мінез-құлқын тек сыртқы көрінісі бойынша бағаламай, оның астарындағы эмоционалдық жағдайды, коммуникативтік қажеттілікті және жеке ерекшеліктерді түсінуге ұмтылу қажет.

Эмпатиялық арнайы педагог баланың шектеулеріне ғана емес, оның сақталған мүмкіндіктеріне, қызығушылықтарына, ресурстарына және даму әлеуетіне назар аударуға бейім болады. Бұл арнайы және инклюзивті білім берудің тұлғаға бағытталған қағидаттарымен үйлеседі. Мұнда білім алушы педагогикалық ықпалдың пассивті объектісі емес, өз қажеттіліктері, тәжірибесі және мүмкіндіктері бар білім беру үдерісінің субъектісі ретінде қабылданады.

Арнайы педагог қызметіндегі эмпатияның тағы бір маңызды қыры – баланың отбасымен өзара әрекет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың ата-аналары педагогпен қарым-қатынас барысында баласының жетістіктері, қиындықтары және білім алу перспективалары туралы ақпарат алады. Мұндай коммуникация педагогтен кәсіби дәлдікпен қатар эмоционалдық әдептілікті, ата-ананың алаңдаушылығын түсінуді, бағалаушы және стигматизациялаушы пікірлерден аулақ болуды талап етеді. Сондықтан эмпатия арнайы педагогтің тек баламен емес, оның отбасымен және пәнаралық команда мүшелерімен конструктивті кәсіби қатынас орнатуына мүмкіндік беретін маңызды ресурс ретінде көрінеді.

Эмпатия белгілі бір дәрежеде тұлғаның дара-психологиялық ерекшеліктерімен байланысты болғанымен, оны кәсіби даярлық барысында дамытуға болатын қабілеттер жүйесі ретінде қарастыру маңызды. Бұл ұстаным жоғары оқу орнында арнайы педагогтарды даярлау мазмұнына эмпатиялық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған арнайы педагогикалық жағдайларды енгізудің қажеттілігін көрсетеді.

Болашақ арнайы педагогтардың эмпатиясын дамыту тек эмпатия туралы теориялық білім берумен шектелмеуі тиіс. Студент басқа адамның позициясын түсінуге, вербалды және вербалды емес эмоционалдық белгілерді тануға, белсенді тыңдауға, рефлексия жасауға, өзінің эмоционалдық реакцияларын реттеуге және кәсіби жағдаяттарда қолдаушы коммуникация құруға практикалық тұрғыдан үйренуі қажет. Сондықтан эмпатияны қалыптастырудың тиімді құралдары ретінде интерактивті оқыту әдістерін, рөлдік және іскерлік ойындарды, кейс-талдауды, рефлексиялық тапсырмаларды, психологиялық тренингтерді, модельденген кәсіби жағдаяттарды және педагогикалық практиканы пайдалануға болады.

Кәсіби жағдаяттарды талдау барысында студентке баланың сыртқы мінез-құлқына баға беруден бұрын оның ықтимал эмоционалдық жағдайын, қажеттіліктерін және әрекетінің себептерін анықтауға мүмкіндік берілуі тиіс. Мысалы, білім алушының сабаққа қатысудан бас тартуы немесе эмоционалдық реакциясының күшеюі бірден «тәртіпсіздік» ретінде бағаланбай, сенсорлық шамадан тыс жүктеме, коммуникациялық қиындық, қорқыныш, тапсырманың күрделілігі немесе басқа факторлар тұрғысынан талдануы мүмкін. Осындай тапсырмалар болашақ педагогтың баланың мінез-құлқын көпфакторлы тұрғыдан түсіну қабілетін дамытады.

Рефлексия да эмпатияны қалыптастырудың маңызды механизмдерінің бірі болып табылады. Студент кәсіби әрекет барысында тек басқа адамның эмоцияларын ғана емес, өзінің реакцияларын, стереотиптерін, бағалаушы ұстанымдарын және қарым-қатынас тәсілдерін түсіне білуі қажет. Рефлексиялық күнделік жүргізу, педагогикалық практикадан кейінгі супервизиялық талқылаулар, шағын топтағы пікір алмасу және кәсіби жағдайларды бірлесіп талдау студенттердің өзіндік кәсіби позициясын саналы түрде қалыптастыруына жағдай жасайды.

Осылайша, эмпатияны қалыптастыру болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың жекелеген эпизодтық міндеті емес, білім беру бағдарламасының теориялық, практикалық және тұлғалық-дамытушы компоненттерін біріктіретін жүйелі үдеріс болуы қажет. Оның нәтижесінде студенттің басқа адамның жағдайын түсінуі, эмоционалдық үн қатуы, кәсіби рефлексиясы және осы түсінікті нақты педагогикалық әрекетке айналдыра білу қабілеті біртұтас дамиды. Бұл эмпатияны арнайы педагогтің кәсіби құзыреттілігінің маңызды психологиялық негіздерінің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Эмпатияның психологиялық табиғатын түсіндіруде шетелдік психологиямен қатар кенестік және посткеңестік ғылыми мектептерде қалыптасқан теориялық көзқарастардың да маңызы зор. Бұл зерттеулерде эмпатия тұлғааралық қатынастардың механизмі, эмоционалдық жауап беру формасы, өзге адамның ішкі жағдайын түсіну тәсілі және белгілі бір кәсіби қызметтің нәтижелілігін қамтамасыз ететін тұлғалық қасиет ретінде қарастырылады. Аталған бағыттар эмпатияның мазмұнын тек эмоционалдық ортақтасумен шектемей, оның когнитивтік, бағалаушылық, коммуникативтік және іс-әрекеттік қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Эмпатия ұғымының психология ғылымындағы қалыптасуы мен өзгеру логикасын Т.Д. Карягина жан-жақты қарастырады. Автор эмпатия түсінігінің тарихи даму барысында қарапайым эмоциялық үн қату мағынасынан біртіндеп күрделі тұлғааралық және коммуникативтік үдерісті сипаттайтын ғылыми категорияға айналғанын көрсетеді (Карягина, 2013). Осы тұрғыдан эмпатияны басқа адамның эмоциясын сезінумен ғана шектеу оның психологиялық мазмұнын толық ашпайды. Ол өзге адамның субъективті тәжірибесін түсіну, оның позициясын қабылдау, эмоционалдық жағдайына жауап беру және осы түсінік негізінде өзара әрекетті реттеу үдерістерін біріктіреді. Мұндай түсінік болашақ арнайы педагогтың кәсіби даярлығын зерттеу үшін ерекше маңызды, себебі педагог баланың эмоционалдық жағдайын танып қана қоймай, алынған ақпаратты өзінің кәсіби әрекетін ұйымдастыру барысында қолдана білуі қажет.

Т.П. Гаврилованың зерттеулерінде эмпатияның онтогенездегі қалыптасуына, әсіресе балалардың эмпатиялық реакцияларының жас ерекшеліктеріне назар аударылады. Автор эмпатиялық тәжірибенің тұлғаның эмоционалдық дамуымен тығыз байланыста қалыптасатынын көрсетеді (Гаврилова, 1977). Бұл көзқарас эмпатияның өзгермейтін тұлғалық сипат емес, әлеуметтік тәжірибе мен тұлғааралық қарым-қатынас барысында дамитын психологиялық құрылым екендігін негіздеуге мүмкіндік береді. Осы қағида педагогикалық білім беру үшін әдіснамалық тұрғыдан маңызды: егер эмпатия даму барысында қалыптасатын қасиет болса, онда болашақ арнайы педагогтардың эмпатиялық қабілеттерін жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық кезеңінде мақсатты түрде дамытуға болады.

Эмпатияның тұлғааралық қарым-қатынастағы рөлін түсіндіруде Н. Н. Обозовтың еңбектері маңызды орын алады. Ғалым тұлғааралық қатынастарды адамдардың бірін-бірі қабылдауы, түсінуі, бағалауы және эмоционалдық қатынасы жүзеге асатын күрделі психологиялық кеңістік ретінде қарастырады (Обозов, 1990). Бұл тұрғыда эмпатия тұлғааралық өзара түсіністікті қамтамасыз ететін механизмдердің бірі ретінде сипатталуы мүмкін. Педагогикалық қызмет жағдайында мұндай механизм педагогке білім алушының психологиялық ерекшеліктерін ескеруге, оның әрекеттерін тек сыртқы белгілер бойынша бағаламауға және қарым-қатынасты жеке тұлғаға бағдарланған негізде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Эмпатия мен тұлғаның шынайылығы арасындағы өзара байланысты А. Б. Орлов пен М.А. Хазанова қарастырған. Авторлар эмпатия және конгруэнттілік феномендерін тұлғааралық қарым-қатынастың өзара байланысты сипаттамалары ретінде талдай отырып, өзгенің ішкі әлемін түсіну адамның өзінің эмоционалдық тәжірибесін сезіну және қабылдау қабілетімен де байланысты екендігіне назар аударады (Орлов & Хазанова, 1995). Бұл тұжырым болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлығы үшін маңызды. Өйткені педагогтің басқа адамның сезімдерін дұрыс түсінуі оның өзінің эмоционалдық реакцияларын саналы түрде танып, рефлексия жасай алуымен ұштасуы тиіс. Демек, эмпатияны дамыту жұмысы студенттің тек

«өзгені түсінуіне» емес, өзіндік эмоционалдық тәжірибесін түсінуіне және кәсіби жағдайда оны реттей алуына да бағытталуы қажет.

Эмпатияның педагогикалық үдерістегі қызметін арнайы зерттеген еңбектердің қатарында Р.Б. Карамуратованың жұмысы ерекше назар аудартады. Автор педагогикалық үдерістегі бағалаушы эмпатияның рөлін психологиялық тұрғыдан қарастырып, педагог пен білім алушы арасындағы өзара түсіністікте эмпатиялық бағалаудың маңызын көрсетеді (Карамуратова, 1984). Педагогтің білім алушының әрекетін бағалауы тек оның оқу нәтижесіне немесе мінез-құлқының сыртқы көрінісіне негізделген жағдайда баланың жеке психологиялық ерекшеліктері назардан тыс қалуы мүмкін. Ал эмпатиялық бағыт педагогке білім алушының жағдайын, мотивтерін және нақты әрекетінің ықтимал себептерін ескере отырып педагогикалық баға беруге мүмкіндік береді.

Бұл мәселе арнайы педагогика үшін одан да маңызды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың мінез-құлқы кей жағдайда оның коммуникативтік мүмкіндіктерімен, сенсорлық ерекшеліктерімен, эмоционалдық жағдайымен немесе қоршаған ортаның талаптарына бейімделудегі қиындықтарымен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан болашақ арнайы педагогтың кәсіби даярлығында бағалаушы эмпатияны қалыптастыру баланың мінез-құлқын біржақты интерпретациялаудың алдын алып, оның әрекетінің психологиялық себептерін түсінуге бағытталған кәсіби позицияны дамытуға ықпал етеді.

Қазақстандық зерттеушілер А. К. Сатова мен А. Т. Тугжанова эмпатия мәселесінің психологиялық-педагогикалық аспектілерін әртүрлі теориялық бағыттар негізінде қарастырады. Авторлардың еңбегінде эмпатия тұлғаның өзге адамды түсінуіне және тұлғааралық өзара әрекетті ұйымдастыруына мүмкіндік беретін маңызды психологиялық құбылыс ретінде талданады (Сатова & Тугжанова, n.d.). Эмпатияны психологиялық және педагогикалық тұрғыдан өзара байланыста қарастыру педагогикалық мамандық иелерін даярлау үшін маңызды, өйткені болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігі пәндік білім мен әдістемелік дағдылардан ғана емес, білім алушымен нәтижелі тұлғааралық қатынас құра алу қабілетінен де көрінеді.

Эмпатияның кәсіби маңызды қасиет ретіндегі сипаты басқа «адам–адам» типіндегі кәсіптерді зерттеу нәтижелерінде де көрініс табады. О. Ю. Богачева эмпатияны дәрігердің кәсіби маңызды қасиеті ретінде қарастырып, оның кәсіби тұлғааралық өзара әрекеттегі ерекшеліктерін талдайды (Богачева, 2014). Медициналық және педагогикалық қызметтің мазмұны әртүрлі болғанымен, екі кәсіпті біріктіретін маңызды ерекшелік – кәсіби әрекеттің адамның жеке жағдайын, қажеттіліктері мен эмоционалдық реакцияларын ескере отырып жүзеге асырылуы. Осы тұрғыдан эмпатия маманның кәсіби қарым-қатынасын гуманизациялайтын және қызмет алушының дара ерекшеліктеріне сезімталдық танытуына мүмкіндік беретін кәсіби ресурс ретінде қарастырылады.

Сонымен бірге эмпатияның кәсіби қызметтегі маңызын оның мүмкін болатын эмоционалдық тәуекелдерінен бөлек қарастыруға болмайды. М. В. Панкованың эмпатияның психологиялық ерекшеліктеріне арналған зерттеуі оның тұлғаның эмоционалдық саласымен күрделі байланысын көрсетеді (Панкова, 2003). Бұл тұрғыдан алғанда эмпатияның жоғары деңгейі әр жағдайда автоматты түрде кәсіби тиімділіктің жоғары көрсеткішіне теңестірілмеуі тиіс. Басқа адамның эмоционалдық жағдайына шамадан тыс ену эмоционалдық кернеудің артуымен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан кәсіби эмпатия эмоционалдық өзін-өзі реттеу, рефлексия және психологиялық шекараны сақтай білу қабілеттерімен үйлесуі қажет. Болашақ арнайы педагогтарды даярлау барысында бұл мәселені ескеру олардың кәсіби тұрақтылығы үшін де маңызды.

Болашақ педагогтардың эмпатиясын мақсатты түрде қалыптастыру мүмкіндігін А.В. Козина педагогикалық білім беру контексінде қарастырған. Оның зерттеуінде болашақ педагогтардың эмпатиясын филологиялық білім беру құралдары арқылы дамыту мәселесі зерттеліп, жоғары оқу орнындағы білім беру мазмұнының студенттің эмпатиялық қабілеттерін дамыту әлеуетіне назар аударылады (Козина, 2004). Бұл зерттеудің маңызды тұсы – эмпатияны

кәсіби даярлық барысында мақсатты педагогикалық ықпал арқылы қалыптастыруға болатын қасиет ретінде қарастыруы. Демек, эмпатияны дамыту міндеті тек психологиялық тренингтермен шектелмей, оқу пәндерінің мазмұнына, кәсіби жағдаяттарды талдауға, көркем және кәсіби мәтіндерді интерпретациялауға, рөлдік әрекетке және педагогикалық практикаға кіріктірілуі мүмкін.

Аталған зерттеулерді К. Роджерстің эмпатиялық түсіну тұжырымдамасымен салыстырғанда ортақ теориялық негіз айқын байқалады. К.Роджерс басқа адамның ішкі әлемін оның субъективті позициясы тұрғысынан түсінуді тиімді тұлғааралық қатынастың негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырған (Rogers, 1957). Ал М. Дэвистің көпөлшемді моделі эмпатияның когнитивтік және эмоционалдық жақтарының бірлігін көрсетіп, оның құрылымдық күрделілігін негіздейді (Davis, 1983). Деси мен Джексонның еңбегінде эмпатия өзгенің эмоциясын бөлісу, оның жағдайын түсіну және «Мен» мен «өзгенің» арасындағы айырмашылықты сақтау үдерістерінің өзара әрекеті арқылы түсіндіріледі (Decety & Jackson, 2004).

Осы теориялық көзқарастарды жүйелеу болашақ арнайы педагогтың кәсіби эмпатиясын өзге адамның эмоционалдық жағдайын тану мен түсінуді, оның позициясын қабылдауды, эмоционалдық үн қатуды, өзінің эмоционалдық реакцияларын рефлексиялау мен реттеуді және алынған түсінікті кәсіби қолдау әрекетіне айналдыруды қамтамасыз ететін интегративті кәсіби-тұлғалық қабілет ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Осы анықтама негізінде болашақ арнайы педагог эмпатиясының құрылымында төрт өзара байланысты компонентті бөліп көрсетуге болады. Біріншісі – когнитивтік компонент, ол баланың эмоционалдық жағдайын, қажеттіліктерін, көзқарасын және мінез-құлқының ықтимал себептерін түсінуді қамтиды. Екіншісі – эмоционалдық компонент, яғни өзге адамның эмоционалдық жағдайына сезімталдық және адекватты эмоционалдық үн қату. Үшіншісі – мінез-құлықтық-коммуникативтік компонент, ол эмпатиялық түсінікті қолдау көрсету, белсенді тыңдау, конструктивті коммуникация және педагогикалық әрекетті дұрыс тандау арқылы жүзеге асыруды білдіреді. Төртіншісі – рефлексиялық-реттеушілік компонент, педагогтың өзінің эмоциялық реакцияларын түсінуін, оларды реттеуін және кәсіби психологиялық шекараны сақтауын қамтиды.

Осылайша, отандық, посткеңестік және шетелдік зерттеулерді салыстырмалы талдау эмпатияны болашақ арнайы педагогтың жекелеген тұлғалық ерекшелігі ретінде ғана емес, оның кәсіби даярлығының маңызды психологиялық құрамдасы ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Эмпатияның қалыптасуы білім алушыны тұлға ретінде қабылдау, оның эмоционалдық және білім беру қажеттіліктерін түсіну, қолдаушы педагогикалық қарым-қатынас құру және кәсіби әрекетке рефлексия жасау қабілеттерінің біртұтас дамуымен байланысты. Сондықтан жоғары оқу орнында болашақ арнайы педагогтардың эмпатиясын дамыту жүйелі, мақсатты және кәсіби қызмет мазмұнымен кіріктірілген сипатта ұйымдастырылуы тиіс.

Нәтижелер мен талқылау. Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлығындағы эмпатияның маңызын теориялық тұрғыдан негіздеумен қатар, олардың басқа адамның эмоционалдық жағдайына жауап беру ерекшеліктерін эмпирикалық тұрғыдан анықтау зерттеудің маңызды міндеттерінің бірі болды. Осы мақсатта Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 6В01902 – «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасының 4-курс студенттері арасында диагностикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеуге барлығы 44 студент қатысты.

Білім алушылардың өзге адамның эмоционалдық жағдайына сезімталдығын, жанашырлық танытуын, басқа адамның эмоциялық тәжірибесіне үн қосу және онымен бірге уайымдау қабілетін анықтау үшін А. Меграбян мен Н. Эпштейннің «Эмоционалдық жауап шкаласы» (Emotional Empathic Tendency Scale) қолданылды. Әдістеме тұлғаның басқа адамдардың эмоционалдық тәжірибесіне жауап беруінің жалпы тенденциясын бағалауға бағытталған.

Сауалнама 25 тұжырымнан тұрады. Зерттеуге қатысушылар әрбір ұсынылған тұжырымға өзінің келісу немесе келіспеу дәрежесіне сәйкес жауап берді. Сауалнама мазмұны адамның басқа адамдардың эмоционалдық жағдайына сезімталдығын, олардың қиындықтарына жанашырлық-

пен қарауын, айналасындағылардың эмоционалдық күйінің өзіне әсер ету дәрежесін, сондай-ақ әдеби шығарма, музыка, кино, жануарлар мен әлеуметтік тұрғыдан осал адамдардың жағдайына эмоционалдық жауап беру ерекшеліктерін қамтиды. Осылайша, әдістеме эмпатияның аффективтік қырының, яғни өзге адамның эмоционалдық тәжірибесіне эмоционалдық үн қату бейімділігінің көріну дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері респонденттердің көрсеткіштерін өте жоғары, жоғары, орташа, төмен және өте төмен деңгейлер бойынша жіктеуге мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Болашақ арнайы педагогтардың эмоционалдық жауап беру қабілетінің деңгейлері

Деңгейлер	Студент саны (n)	Үлесі (%)
Өте жоғары	3	7
Жоғары	8	18
Орташа	17	38
Төмен	14	32
Өте төмен	2	5
Барлығы	44	100

1-кестеде ұсынылған нәтижелер болашақ арнайы педагогтардың эмоционалдық жауап беру көрсеткіштері біркелкі емес екенін көрсетеді. Зерттеуге қатысқан 44 студенттің 3-еуі (7%) өте жоғары, ал 8-і (18%) жоғары деңгей көрсетті. Осы екі топты біріктіргенде, респонденттердің 25%-ында басқа адамның эмоционалдық жағдайына айқын сезімталдық және эмоционалдық үн қатуға жоғары бейімділік байқалады. Мұндай студенттер өзгенің эмоционалдық күйін қабылдауға, оның қиындықтарына жанашырлық танытуға және тұлғааралық қарым-қатынаста эмоционалдық белгілерге назар аударуға салыстырмалы түрде бейім деп сипаттауға болады.

Зерттеуге қатысушылардың ең үлкен бөлігін орташа деңгей көрсеткен студенттер құрады – 17 адам немесе жалпы іріктеменің 38%-ы. Бұл көрсеткіш олардың эмоционалдық жауап беру қабілетінің қалыптасқанын, алайда оның әртүрлі тұлғааралық және кәсіби жағдаяттарда тұрақты түрде көрінуі бірдей болмауы мүмкін екенін білдіреді. Орташа деңгейдегі эмпатиялық жауап адамның жағдай мен қарым-қатынас контексіне қарай эмоционалдық сезімталдық танытуымен сипатталуы мүмкін. Сондықтан аталған студенттер тобында эмпатиялық қабілеттерді кәсіби мазмұндағы тапсырмалар, рефлексиялық жаттығулар және арнайы ұйымдастырылған практикалық әрекет арқылы одан әрі дамыту маңызды.

Сонымен қатар 14 студентте (32%) эмоционалдық жауап берудің төмен, ал 2 студентте (5%) өте төмен деңгейі анықталды. Яғни зерттеуге қатысушылардың 37%-ында диагностикаланған көрсеткіш төмен немесе өте төмен деңгейде болды. Бұл нәтиже болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау тұрғысынан ерекше назар аударуды қажет етеді. Аталған көрсеткіштерді студенттердің жалпы тұлғалық эмпатиясының толық болмауы ретінде біржақты түсіндіруге болмайды, өйткені қолданылған әдістеме ең алдымен эмоционалдық эмпатияға, яғни өзгенің эмоционалдық жағдайына аффективтік жауап беру тенденциясына бағытталған. Дегенмен алынған нәтижелер студенттердің елеулі бөлігінде эмоционалдық сезімталдық пен эмпатиялық жауап беру қабілетін мақсатты дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Нәтижелерді жинақтай отырып, жоғары және өте жоғары деңгей көрсеткен студенттердің үлесі 25%, ал төмен және өте төмен деңгейдегілердің үлесі 37% болғанын атап өтуге болады. Олардың арасындағы айырмашылық 12 пайыздық тармақты құрайды. Сонымен қатар іріктеменің ең үлкен үлесі – 38% – орташа деңгейге тиесілі. Демек, зерттелген топ үшін эмпатиялық жауаптың өте жоғары немесе өте төмен көріністерінен гөрі орташа және төмен көрсеткіштердің басымдығы тән. Бұл болашақ арнайы педагогтардың эмпатиялық әлеуетін кәсіби даярлық үдерісінде жүйелі дамыту мәселесінің өзектілігін эмпирикалық тұрғыдан айқындайды.

Алынған нәтижелер эмпатияның педагогикалық қызметтегі орны туралы теориялық тұжырымдармен сабақтасады. Р. Б. Карамуратова педагогикалық үдерістегі эмпатияның рөлін қарастыра отырып, педагогтің білім алушының эмоционалдық жағдайы мен оның әрекетінің

ішкі себептерін түсінуінің өзара әрекет сапасы үшін маңызын көрсетеді (Карамуратова, 1984). Арнайы педагогтің кәсіби қызметінде бұл қабілеттің маңызы одан әрі артады, өйткені ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мінез-құлықтық немесе эмоционалдық реакциялары олардың даму ерекшеліктерімен, коммуникациялық мүмкіндіктерімен және нақты психологиялық жағдайымен байланысты болуы ықтимал.

Т. Д. Карягинаның эмпатияның эволюциясына арналған теориялық талдауы да эмпатияны тек өзгенің эмоциясын сезіну ретінде қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Қазіргі психологиялық түсінікте эмпатия өзге адамның субъективті тәжірибесін түсінуді және онымен тұлғааралық өзара әрекетті реттеуді қамтитын күрделі феномен ретінде қарастырылады (Карягина, 2013). Осы тұрғыдан зерттеу барысында анықталған эмоционалдық жауап беру деңгейлері болашақ арнайы педагогтардың кәсіби эмпатиясының бір қырын сипаттайды және оны когнитивтік, мінез-құлықтық-коммуникативтік және рефлексиялық қабілеттермен кешенді түрде дамыту қажеттігін көрсетеді.

Бұл тұжырым М. Дэвистің эмпатияны көпөлшемді құрылым ретінде қарастыратын теориялық моделіне де сәйкес келеді. Автор эмпатияның когнитивтік және аффективтік компоненттерін өзара байланысты, бірақ салыстырмалы дербес үдерістер ретінде қарастырады (Davis, 1983). Демек, адамның өзгенің эмоционалдық жағдайына жоғары деңгейде үн қатуы оның кез келген кәсіби жағдайда басқа адамның позициясын дәл түсіне алатынын автоматты түрде білдірмейді. Керісінше, болашақ арнайы педагогтың кәсіби эмпатиясы эмоционалдық сезімталдықпен қатар перспективаны қабылдау, кәсіби рефлексия және педагогикалық әрекетті саналы тандау қабілеттерін қажет етеді.

А. Б. Орлов пен М. А. Хазанова (1995) қарастырған эмпатия мен конгруэнттіліктің арақатынасы тұрғысынан да алынған нәтижелер маңызды. Өзге адамның ішкі тәжірибесіне сезімтал болу маманның өзінің эмоциялық реакцияларын танып, оларды саналы түрде реттей алуымен үйлескен жағдайда ғана кәсіби қарым-қатынастың тиімді ресурсына айналады. Сондықтан арнайы педагогтарды даярлауда эмпатияны дамыту студенттерді басқа адамның эмоциясына барынша терең енуге үйрету ретінде емес, эмоционалдық сезімталдық пен кәсіби өзін-өзі реттеудің үйлесімділігін қалыптастыру ретінде қарастырылғаны жөн.

Болашақ педагогтардың эмпатиялық қабілеттерін кәсіби даярлық барысында мақсатты дамыту мүмкіндігі А. В. Козинаның зерттеуінде де негізделеді (Козина, 2004). Осы тұрғыдан біздің зерттеуде анықталған орташа, төмен және өте төмен көрсеткіштер жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық мазмұнына эмпатияны дамытуға бағытталған педагогикалық құралдарды жүйелі енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Оларға кәсіби жағдаяттарды талдау, кейс әдісі, рөлдік ойындар, рефлексиялық тапсырмалар, белсенді тыңдау жаттығулары, тренингтер, педагогикалық практика барысында баланың эмоционалдық жағдайын бақылау мен талдау және супервизиялық талқылаулар жатқызылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің арнайы педагогика тұрғысынан практикалық маңызы ерекше. Арнайы педагог баланың вербалды хабарламасын ғана емес, оның эмоционалдық және мінез-құлықтық белгілерін де түсіне білуі қажет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала кей жағдайда өзінің қорқынышын, шаршауын, сенсорлық жайсыздығын, мазасыздығын немесе көмекке деген қажеттілігін тікелей жеткізе алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда педагогтің эмпатиялық сезімталдығы баланың мінез-құлқын үстірт бағалаудан гөрі оның ықтимал себептерін түсінуге және сәйкес педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге эмпатияны қалыптастыру болашақ арнайы педагогтің кәсіби құзыреттілігінің басқа компоненттерінен оқшауланбауы тиіс. Эмоционалдық жауап беру кәсіби біліммен, диагностикалық бақылаумен, коммуникативтік дағдылармен, рефлексиямен және эмоционалдық өзін-өзі реттеумен бірлікте болған жағдайда ғана педагогикалық тұрғыдан нәтижелі әрекетке айналады. Сондықтан эмпатияны болашақ арнайы педагогтың жеке тұлғалық сапасы ғана емес, оның кәсіби қызметін гуманистік және тұлғаға бағдарланған негізде жүзеге асыруына ықпал ететін интегративті кәсіби қабілет ретінде қарастыру орынды.

Жүргізілген эмпирикалық зерттеудің нәтижелерін интерпретациялау барысында оның шектеулерін де ескеру қажет. Біріншіден, зерттеу бір жоғары оқу орнының бір білім беру бағдарламасындағы 44 студентті қамтығандықтан, алынған нәтижелерді барлық болашақ арнайы педагогтарға тікелей жалпылау шектеулі. Екіншіден, А. Меграбян мен Н. Эпштейн әдістемесі негізінен эмоционалдық эмпатияның көріністерін бағалайды және кәсіби эмпатияның барлық компоненттерін толық қамтымайды. Үшіншіден, сауалнама өзіндік есеп беру әдісіне негізделетіндіктен, респонденттердің жауаптарына әлеуметтік қолайлылық факторының ықпал ету мүмкіндігі бар. Осыған байланысты келешектегі зерттеулерде эмпатияның когнитивтік, эмоционалдық, мінез-құлықтық және рефлексиялық компоненттерін кешенді бағалайтын бірнеше диагностикалық әдісті пайдалану, зерттеу іріктемесін кеңейту және әртүрлі курс студенттерінің көрсеткіштерін салыстыру орынды болады.

Осылайша, жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ арнайы педагогтардың эмоционалдық эмпатиясының әртүрлі деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Студенттердің 25%-ында жоғары және өте жоғары деңгей анықталғанымен, 38%-ында орташа, ал 37%-ында төмен және өте төмен көрсеткіштердің болуы кәсіби даярлық барысында эмпатиялық қабілеттерді мақсатты әрі жүйелі дамыту қажеттілігін көрсетеді. Арнайы педагог үшін эмпатия баланың эмоционалдық жағдайын түсіну, оның жеке қажеттіліктеріне сезімталдық таныту, сенімді қарым-қатынас орнату және нақты педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін кәсіби маңызды қабілет болып табылады.

Қорытынды. Болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау үдерісінде эмпатияны қалыптастыру мәселесін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан талдау оның маманның кәсіби-тұлғалық даярлығының маңызды құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Арнайы педагогтің кәсіби қызметі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық және оқу мүмкіндіктерін ескерумен ғана шектелмей, олардың эмоционалдық жағдайын, жеке қажеттіліктерін, мінез-құлық реакцияларының себептерін түсінуді және қолдаушы тұлғааралық қарым-қатынас орнатуды талап етеді. Осыған байланысты эмпатия арнайы педагогтің кәсіби қызметінің гуманистік және тұлғаға бағдарланған сипатын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық ресурс ретінде қарастырылуы тиіс.

Ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау эмпатияның күрделі әрі көпкомпонентті психологиялық феномен екенін көрсетті. Отандық және шетелдік зерттеушілердің тұжырымдарын жүйелеу негізінде эмпатияны басқа адамның эмоционалдық жағдайын сезіну немесе оған жанашырлық танытумен ғана шектеуге болмайтыны анықталды. Оның мазмұны өзге адамның жағдайы мен көзқарасын түсінуді, оның эмоционалдық тәжірибесіне адекватты үн қатуды, өз реакцияларын рефлексиялау мен реттеуді және осы түсінікті нақты қолдау әрекетіне айналдыруды қамтиды. Осы тұрғыдан болашақ арнайы педагогтің кәсіби эмпатиясы когнитивтік, эмоционалдық, мінез-құлықтық-коммуникативтік және рефлексиялық-реттеушілік компоненттердің өзара бірлігі ретінде сипатталуы мүмкін.

Эмпатияның мұндай құрылымдық сипаты болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлауда оның мақсатты түрде қалыптастырылуын қажет етеді. Когнитивтік компонент білім алушының эмоционалдық жағдайын, қажеттіліктерін және мінез-құлқының ықтимал себептерін түсінуге мүмкіндік берсе, эмоционалдық компонент оның сезімдеріне сезімталдық пен адекватты эмоционалдық үн қатуды қамтамасыз етеді. Мінез-құлықтық-коммуникативтік компонент эмпатиялық түсінікті қолдау көрсетуге, конструктивті қарым-қатынас пен нақты педагогикалық әрекетке айналдырудан көрінеді. Ал рефлексиялық-реттеушілік компонент болашақ маманның өзінің эмоционалдық реакцияларын түсінуіне, реттеуіне және кәсіби шекараны сақтауына мүмкіндік береді. Сондықтан кәсіби эмпатия осы компоненттердің бірлігінде қалыптасқан жағдайда ғана педагогикалық қызметтің тиімді ресурсына айналады.

Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орнында арнайы педагогтарды кәсіби даярлау мазмұнында эмпатияны дамытуға арнайы назар аудару қажеттігін негіздейді. Бұл бағыттағы жұмыс студенттерге эмпатия туралы теориялық білім берумен ғана шектелмеуі тиіс. Кәсіби жағдаяттарды және кейстерді талдау, рөлдік ойындар, белсенді тыңдау жаттығулары, психологиялық-педагогикалық тренингтер, рефлексиялық тапсырмалар, педагогикалық практика және кәсіби тәжірибені

супервизиялық талқылау сияқты белсенді әдістерді жүйелі пайдалану маңызды. Мұндай жұмыс болашақ маманның ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың эмоционалдық жағдайын түсінуіне, оның дара ерекшеліктеріне сәйкес қарым-қатынас тәсілін таңдауға және кәсіби қолдау көрсетуге даярлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар эмпатияны дамыту арнайы педагогтің кәсіби эмоционалдық тұрақтылығымен өзара байланыста жүзеге асырылуы тиіс. Өзге адамның қиындықтарына шамадан тыс эмоционалдық ену кәсіби қызмет барысында эмоционалдық кернеудің артуына ықпал етуі мүмкін. Сондықтан эмпатиялық сезімталдықты эмоционалдық өзін-өзі реттеу, кәсіби рефлексия және психологиялық шекараны сақтау қабілеттерімен қатар қалыптастыру маңызды. Бұл эмпатияның кәсіби қызметтегі конструктивті сипатын қамтамасыз етеді.

Осылайша, болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлауда эмпатияны қалыптастыруды жеке тұлғалық қасиетті дамытуға бағытталған жекелеген міндет ретінде емес, маманның тұтас кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды бағыты ретінде қарастыру қажет. Эмпатиялық тұрғыдан құзыретті арнайы педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың эмоционалдық жағдайын және жеке қажеттіліктерін тереңірек түсінуге, онымен сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға, педагогикалық әрекетті баланың мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыруға және қажетті қолдау көрсетуге қабілетті болады. Сондықтан жоғары білім беру жүйесінде болашақ арнайы педагогтардың эмпатиялық қабілеттерін мақсатты, жүйелі және кәсіби қызмет мазмұнымен кіріктіре дамыту олардың кәсіби даярлығының сапасын арттырудың маңызды психологиялық-педагогикалық шарты болып табылады.

Зерттеудің келешектегі бағыты болашақ арнайы педагогтардың кәсіби эмпатиясын қалыптастыруға арналған арнайы бағдарламаны әзірлеу және оның тиімділігін эксперименттік тұрғыдан тексерумен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар зерттеу іріктемесін кеңейту, әртүрлі курс студенттерінің эмпатия көрсеткіштерін салыстыру және эмпатияның кәсіби мотивация, рефлексия, эмоционалдық интеллект пен коммуникативтік құзыреттілік сияқты кәсіби маңызды қасиеттермен өзара байланысын анықтау мәселені одан әрі терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

Богачева, О. Ю. (2014). *Эмпатия как профессионально важное качество врача (на примере врачей-терапевтов и врачей-хирургов)*. Ярославль.

Гаврилова, Т. П. (1977). *Эмпатия и ее особенности у детей младшего и среднего школьного возраста [Автореферат диссертации]*. Москва.

Карамуратова, Р. Б. (1984). *Психологическое исследование роли оценочной эмпатии в педагогическом процессе*. Алма-Ата.

Карягина, Т. Д. (2013). *Эволюция понятия «эмпатия» в психологии*. Москва.

Козина, А. В. (2004). *Формирование эмпатии будущих педагогов средствами филологического образования*. Ставрополь.

Обозов, Н. Н. (1990). *Психология межличностных отношений*. Киев.

Орлов, А. Б., & Хазанова, М. А. (1995). *Феномены эмпатии и конгруэнтности. Вопросы психологии*, (2).

Панкова, М. В. (2003). *Особенности эмпатии больных невротами*. Санкт-Петербург.

Сатова, А. К., & Тугжанова, А. Т. (б. ж.). *Психолого-педагогические аспекты проблемы эмпатии: Теоретические подходы*.

Davis, M. H. (1983). *Measuring individual differences in empathy: Evidence for a multidimensional approach*. *Journal of Personality and Social Psychology*, 44(1), 113–126. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.44.1.113>

Decety, J., & Jackson, P. L. (2004). *The functional architecture of human empathy*. *Behavioral and Cognitive Neuroscience Reviews*, 3(2), 71–100. <https://doi.org/10.1177/1534582304267187>

Jennings, P. A., & Greenberg, M. T. (2009). *The prosocial classroom: Teacher social and emotional competence in relation to student and classroom outcomes*. *Review of Educational Research*, 79(1), 491–525. <https://doi.org/10.3102/0034654308325693>

Rogers, C. R. (1957). *The necessary and sufficient conditions of therapeutic personality change*. *Journal of Consulting Psychology*, 21(2), 95–103. <https://doi.org/10.1037/h0045357>

Roorda, D. L., Koomen, H. M. Y., Spilt, J. L., & Oort, F. J. (2011). *The influence of affective teacher–student relationships on students’ school engagement and achievement: A meta-analytic approach*. *Review of Educational Research*, 81(4), 493–529. <https://doi.org/10.3102/0034654311421793>

References

Bogacheva, O. Yu. (2014). *Empatiya kak professional'no vazhnoe kachestvo vracha (na primere vrachei-terapevtov i vrachei-khirurgov)* [Empathy as a professionally important quality of a physician (A study of general practitioners and surgeons)]. Yaroslavl. [in Russian]

Davis, M. H. (1983). *Measuring individual differences in empathy: Evidence for a multidimensional approach*. *Journal of Personality and Social Psychology*, 44(1), 113–126. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.44.1.113>

Decety, J., & Jackson, P. L. (2004). *The functional architecture of human empathy*. *Behavioral and Cognitive Neuroscience Reviews*, 3(2), 71–100. <https://doi.org/10.1177/1534582304267187>

Gavrilova, T. P. (1977). *Empatiya i ee osobennosti u detei mladshego i srednego shkol'nogo vozrasta* [Empathy and its characteristics in children of primary and middle school age] [Abstract of dissertation]. Moscow. [in Russian]

Jennings, P. A., & Greenberg, M. T. (2009). *The prosocial classroom: Teacher social and emotional competence in relation to student and classroom outcomes*. *Review of Educational Research*, 79(1), 491–525. <https://doi.org/10.3102/0034654308325693>

Karamuratova, R. B. (1984). *Psikhologicheskoe issledovanie roli otsenочноi empatii v pedagogicheskom protsesse* [A psychological study of the role of evaluative empathy in the pedagogical process]. Alma-Ata. [in Russian]

Karyagina, T. D. (2013). *Evolyutsiya ponyatiya “empatiya” v psikhologii* [The evolution of the concept of empathy in psychology]. Moscow. [in Russian]

Kozina, A. V. (2004). *Formirovanie empatii budushchikh pedagogov sredstvami filologicheskogo obrazovaniya* [Developing empathy in future teachers through philological education]. Stavropol. [in Russian]

Obozov, N. N. (1990). *Psikhologiya mezhlchnostnykh otnoshenii* [Psychology of interpersonal relationships]. Kyiv. [in Russian]

Orlov, A. B., & Khazanova, M. A. (1995). *Fenomeny empatii i kongruentnosti* [Phenomena of empathy and congruence]. *Voprosy Psikhologii*, (2). [in Russian]

Pankova, M. V. (2003). *Osobennosti empatii bol'nykh nevrozami* [Characteristics of empathy in patients with neuroses]. Saint Petersburg. [in Russian]

Rogers, C. R. (1957). *The necessary and sufficient conditions of therapeutic personality change*. *Journal of Consulting Psychology*, 21(2), 95–103. <https://doi.org/10.1037/h0045357>

Roorda, D. L., Koomen, H. M. Y., Spilt, J. L., & Oort, F. J. (2011). *The influence of affective teacher–student relationships on students’ school engagement and achievement: A meta-analytic approach*. *Review of Educational Research*, 81(4), 493–529. <https://doi.org/10.3102/0034654311421793>

Satova, A. K., & Tugzhanova, A. T. (n.d.). *Psikhologo-pedagogicheskie aspekty problemy empatii: Teoreticheskie podkhody* [Psychological and pedagogical aspects of the problem of empathy: Theoretical approaches]. [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Оразова Жанна Урумбасаровна – педагогика және психология магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, orazova.1974@bk.ru

Рыстыгулова Айгуль Таубаевна – хат-хабар авторы, педагогика және психология магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, arystygulova@zhubanov.edu.kz